

АБАЙ АТЫНДАҒЫ
ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ
ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТИ



КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
ПЕДАГОГИЧЕСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ
ИМЕНИ АБАЯ



Бекітемін
Абай ат. ҚазҰПУ
ректоры, профессор
Пірәлиев С.Ж.
26 қаңтар 2016 ж.

Абай атындағы ҚазҰПУ Ғылыми кеңесінің 2016 жылғы 26 қаңтардағы
Шешімі

| № р/с | Шешімдер | Жауаптылар | Орындалу мерзімі |
|----------|---|--|---|
| I | <p>1.1 Филология институты мамандықтарына ағылшын тілінде дайындық жүргізетін мамандарды қызметке тарту жұмысын жүргізу жүктелсін;</p> <p>1.2 Іргелі және қолданбалы зерттеулерді жүзеге асыруға қатысатын ПОҚ-тың және білім беру саласындағы ғылыми жобалардың пайыздық үлесін арттыру жұмыстарын жандандыру жүктелсін;</p> <p>1.3 Студенттерді халықаралық, республикалық ғылыми-студенттік конференцияларға, пәндік олимпиадаларға қатыстыруда институт профессор-оқытушы құрамының ғылыми әлеуетін тиімді пайдалану іс-шараларын ұйымдастыру тапсырылсын</p> <p>1.4 білім беруді экспорттау жүйесін дамыту мақсатында шетелдік білім алушыларды ақылы негізде оқуға тарту жұмысын жандандыру жүктелсін</p> | <p>Институт директоры Б.Әбдіғазизұлы, Филология институтының кафедра меңгерушілері</p> <p>Тәрбие ісі жөніндегі проректор Ж.Е.Ішпекбаев Ғылыми ісі жөніндегі проректор В.Н. Косов, Институт директоры Б.Әбдіғазизұлы, кафедра меңгерушілері</p> <p>Ғылым басқармасының бастығы Б.Е.Оспанов, Институт директоры Б.Әбдіғазизұлы, кафедра меңгерушілері</p> <p>Бірінші проректор М.Е. Ермағанбетов, Білімгерлерді қабылдау мен мамандар даярлауды бақылау орталығының директоры Б.Д. Иманбердиев, Институт директоры Б.Әбдіғазизұлы, кафедра меңгерушілері</p> | <p>2016 жылдың 1 қыркүйегіне дейін</p> <p>2016 жылдың 20 наурызына дейін</p> <p>2016 жылдың 25 тамызына дейін</p> |
| II | Мемлекеттік жалпыға міндетті жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру стандартына (ҚР Үкіметінің 2012 жылдың 23 тамызындағы №1080 қаулысымен бекітілген), оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу үдерісін ұйымдастыру Ережелеріне (ҚР БЖҒМ 2011 жылдың 20 сәуіріндегі №152 бұйрығымен бекітілген, 2014 жылдың 2 маусымындағы №198 бұйрығымен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген) сәйкестілікті | | |

| | | | |
|-----|--|--|-------------------------------|
| | қамтамасыз ету үшін: | | |
| | <p>2.1 аралық аттестация кезеңінде емтихандар санын қысқарту мақсатында Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының 16 тармақшасына сәйкес жұмыс оқу жоспарларын жасауда оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу үдерісін ұйымдастыруда оқу пәнінің көлемі 3 кредиттен кем болмауының қамтамасыз етілуін, мазмұны 2 кредиттік пән тек өте қажет болған жағдайда енгізілуін; 65 тармақшаға сәйкес бір академиялық кезеңде оқытудың күндізгі нысаны бойынша игерілетін кредиттер саны 18-22 кредит көлемінде болуы қадалағансын</p> <p>2.2 2016/2017 оқу жылына арналған Таңдау пәндер каталогын даярлап, шығару жүктелсін.</p> <p>2.3 2015/2016 оқу жылындағы жазғы семестрде білім алушылардың академиялық қарыздарынан мүмкіндігінше толықтай құтылуын қадағалансын.</p> | <p>Оқу-әдістемелік жұмыс жөніндегі проректор Ғ.К.Кенжебаев, оқу-әдістемелік бөлім бастығы З.Д.Әбдіқадырова</p> <p>Оқу-әдістемелік жұмыс жөніндегі проректор Ғ.К.Кенжебаев, оқу-әдістемелік бөлім бастығы З.Д.Әбдіқадырова</p> <p>Оқу ісі жөніндегі проректор А.Т. Құлсариева, Тіркеу басқармасының бастығы Г.Г. Цыренжапова, Институт директорлары</p> | 2016 жылдың 7 сәуіріне дейін |
| III | ҚР Білім және ғылым Министрлігінің 2008 жылдың 18 наурызындағы №125 бұйрығымен бекітілген «Жоғары оқу орындарында білім алушылардың үлгерімін ағымдық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау өткізудің Үлгі Ережесінің» (2010 жылдың 13 сәуіріндегі № 168, 2010 жылдың 01 қарашасындағы №506, 2013 жылдың 04 қарашасындағы № 445 бұйрықтарымен өзгерістер енгізілген) 21 тармағына сәйкес білім алушылардың білімі мен құзыреттілігін шынайы бағалауды жоғарылату мақсатында: | | |
| | <p>3.1 2015/2016 оқу жылының көктемгі сессиясында ауызша емтихандарды өткізу және жазбаша жұмыстарды тексеру үшін мамандықтар бойынша кәсіби оқу пәндерінің бейімдеріне сәйкес, осы академиялық топта сабақ жүргізбеген жетекші мамандар, білікті профессорлар, доценттер ішінен емтихан қабылдаушыларды қамтамасыз ету тапсырылсын.</p> <p>3.2 барлық мамандықтарда оқытылатын пәндер бойынша көктемгі емтихан сессиясын өткізу түрлерін нақтылау жүктелсін.</p> <p>3.3 Университет ПОҚ-ң дайындаған тест тапсырмаларының, ауызша және жазбаша емтихан сұрақтарының мазмұны типтік оқу бағдарламаларына және маман дайындау моделінің</p> | <p>Оқу ісі жөніндегі проректор А.Т. Құлсариева, Институт директорлары</p> | 2016 жылдың 29 ақпанына дейін |

құзыреттілік талаптарына сәйкес келуін, дұрыс та сауатты құрастырылуын қамтамасыз ету

3.4 көктемгі сессияда тапсырылатын емтихан сұрақтары мен тест тапсырмаларының тізбесі типтік оқу бағдарламаларына және маман дайындау моделінің құзыреттілік талаптарына сәйкестілігін сараптамадан өткізу тапсырылсын.

3.5 емтихан сессиясының, сондай-ақ, 2015 жылғы ЖОО ОЖСБ-ң (ВОУД) нәтижелерін құрылымдық бөлімдер мәжілісінде талқылап,

- Оқу-әдістемелік жұмыс жөніндегі проректор **Ғ.К. Кенжебаевқа** жазғы емтихан сессиясында өтетін барлық пәндер бойынша аралық аттестаттауды ауызша және жазбаша түрде жүргізуге қажет емтихандық сұрақтар тізбесін бекіту үшін дайындап беру тапсырылсын;


- Тіркеу басқармасына **Г.Г. Цыренжаповаға**, Бақылау және бағалау бөліміне **Исабаева Д.Н.** ЖОО ОЖСБ-ң (ВОУД) пәндері бойынша (ОЖСБ технологиясы талаптары бойынша ұсынылған жауап нұсқасының ішінен бір немесе бірнеше дұрыс жауап таңдауды ескере отырып) тест тапсырмаларын өткізу жүктелсін.

3.6 Бақылау және бағалау бөліміне **Исабаева Д.Н.** тест тапсырмаларын сапалы және дер кезінде тапсыру **кафедра меңгерушілерінің** жеке жауапкершілігіне жүктелсін.

3.7 тілдік пәндер бойынша (қазақ, орыс, ағылшын, т.б. шет тілдері) жаңа талаптарға сай, яғни тыңдау, лексика, грамматика, оқылым тапсырмалары бар тест материалдарын 2016 жылдың 14 наурызына дейін Оқу-әдістемелік жұмыс жөніндегі проректор **Ғ.К. Кенжебаевқа** және 2016 жылдың 18 наурызына дейін Бақылау және бағалау бөліміне **Исабаева Д.Н.** тапсыру міндеттелсін

3.8 2016 жылғы ЖОО ОЖСБ-ң (ВОУД) пәндері бойынша сынақ тестілеуін өткізу жүктелсін

3.9 көктемгі емтихан сессиясында барлық пәндер бойынша аралық аттестаттауды өткізу үшін

| | | | |
|----|---|--|---|
| | <p>ауызша және жазбаша емтихан сұрақтарының тізбесін бекітсін</p> <p>3.10 жазбаша емтихан билеттерін автоматты түрде құрастыруды және билеттерді кафедра меңгерушілерінің бекітуін қамтамасыз етіп, оларды Тіркеу басқармасына өткізуді қадағаласын</p> | |  |
| IV | Білімді бақылаудың аралық аттестаттауын сапалы ұйымдастыру үшін: | | |
| | <p>4.1 Жазғы емтихан сессиясының кестесін жасап, бекіту және сессия кезінде оның қатаң орындалуын қадағалау жүктелсін</p> <p>4.2 оқу-әдістемелік бөлім мен тіркеу басқармасын қажетті техникамен және кеңселік тауарлармен қамтамасыз ету тапсырылсын</p> <p>4.3 студенттер арасында Абай атындағы ҚазҰПУ білім алушыларының Этикалық кодексын қатаң сақтау қажеттігі бойынша тәрбие жұмысын күшейту міндеттелсін</p> | | |

Бас ғалым хатшы



А.Т. Исакова